

FTAMP 16.21.29

<sup>1</sup>Д.Э. Заирова

<sup>1</sup>С. Демирел атындағы Университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

## ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІДЕГІ ОЙЛАУ МЕН ЖАЗУ

**Аңдатпа.** Мақалада психолінгвистиканың бірнеше негізгі бағыттарының психология, нейро- және патопсихология, жалпы тілдерді оқыту барысында адамның сөйлеу қабілеті қалыптасуының бірқалыпты өтуін, ойдың сөзге, сөздің ойға толассыз және қайта айналып алмасуын сөйлеудің даму процесіндегі жазудың сипатына тоқталады. Психолінгвистиканың қалыптасуындағы үйрету теориясының, сөйлеуді игерудің арнайы шарттары сөз болады. Қазіргі жаңа замандағы психология мен психолінгвистика тіл адамның ақыл-ойын құрайтын органика ретінде қарастырылады.

\*\*\*

**Аннотация.** В данной статье рассматривается несколько основных направлений психолінгвистики - психология, нейро - и патопсихология, также описание процесса развития письма в ходе обучения общих языков, плавное становление навыка говорения человека, его способности образовывать мысли в речь, слова в мысли и далее по кругу. Специальные условия владения речью и теории языка формирования психолінгвистики является слово. Современная психология и психолінгвистика считают, что язык это органика составляющая ум человека.

\*\*\*

**Abstract.** In this article considers several main directions of psycholinguistics - psychology, neuro - and a patopsikhologiya, also regards description of the letter development during training of common languages, smooth formation of person's speaking skill, his ability to form thoughts in the speech, words in a thought and further around. Special conditions of possession speech and language theories of psycholinguistics formation is the word. The modern psychology and psycholinguistics believe that language is the organic chemistry of human's mind.

**Кілт сөздер:** Психолінгвистика, лінгвистикалық, социолінгвистикалық бағыт, тілді меңгеру .психикалық ойлау, қабылдау, қиял, зейін процестері.

## Кіріспе

Қазақстанда психолінгвистикалық зерттеулер XX ғ. 60- жылдарынан бастап қолға алынған. Бұл жерде М.М.Мұқанов, А.А. Залевская, М.М. Копыленко, Б.С. Мучник т.б. [1,154] еңбектерін атап өткен жөн. Бізде осы саладағы зерттеулер үш бағытта жүргізілді (бөгде тілді меңгеру; сөйлеудің пайда болуы мен оны түсіну; ойлау мен қарым-қатынастың арақатысы). Бұл мәселелер "Ойлау мен қарым-қатынас" атты Бүкілодақтық симпозиумда (Алматы, 1973), "сөзбен ойдың механизмдері" атты (Целиноград, 1976) [2.,162] ғылыми конференцияларда талқыланды. Қазақстан психолінгвистері (М.М.Мұқанов, Н.М.Құрманбаев, М.К.Қайырбаева, Ш.С.Баймешева т.б. [3., 41] қостілділік, оны меңгерумен түсіну, іштей сойлеу т.б.) мәселелерін жан-жақты зерттеді. Психолінгвистикада бұрынғы необихевиористік және дескриптік лингвистикалық көзқарастардың тоғысынан келелі үш мәселеге назар аударылды:

- жеке сөйлеу түрлерінің қалыптасу тетігі;
- нақты психологиялық үйлесімділікті грамматикалық тұрғыдан өзгертудің формалды моделі;
- сөйлеуді құраудағы грамматикалық құрылымның ойлаудың, танымның, логиканың желісімен байланысты екендігі танылған.

Психолінгвистиканың негізгі бағыты қазіргі кезде инженерлік психология, нейро- және патопсихология, шетел тілдерін оқыту міндеттерімен ұштасуда. Психолінгвистика – адамның сөйлеу қабілеті қалыптасуының бірқалыпты өтуін зерттейтін ғылыми саласы. Психолінгвистика ойдың сөзге, сөздің ойға толассыз және қайта айналып алмасуын сөйлеудің даму процесі деп есептейді. Психолінгвистиканың қалыптасуына үйрету теориясының, сөйлеуді игерудің арнайы шарттары туралы А.Хомскийдің еңбектері, бойдағы туа біткен ақпаратты қабылдау және зерделеу туралы когнитивтік көзқарас тұрғысындағы зерттеулер (Ж.Пиаже) [4., 123] елеулі үлес қосты.

## Негізгі бөлім

Тіл – тарих халықтың даналық көзі.Тіл – арқылы балаға ата-аналарымыздың асыл мұрағаттары өмір тәжірбиелері, нақыл сөздері мен ұғындырылады. Бұл ұлттық қалыптасуы мен өмір сүруінің, жеке ұлт ретінде өмір сүруінің алғы шарты. Бұл жөнінде М.Жұмабаев « Тілсіз ұлт,тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып, жасай алмақ емес,ондай ұлт құрымақ» деген еді. Сонымен бірге, тіл – бүкіл адамзаттың жеткен жетістіктерінің жиынтығы мен білім қайнарының бұлағы. Тілдік қарым-қатынаста берілетін ақпараттарды адамдар қабылдау,түйсіну, ойлау, секілді психикалық процесс негізінде сөйлеу процесі арқылы меңгеріп, оны қайтадан сыртқа шығарады. Тілдің осындай көпжақтылығына байланысты тілді үш жақтама зерттеудің бағыттары бар:

- лингвистикалық

- психолінгвистикалық
- социолінгвистикалық.

Бұл бағыттар тілді әр қырынан: тілдің теориясы (лингвистика), тілдің психикалық ерекшелігі (психолінгвистика), тілдің әлеуметтік ерекшелігі (социолінгвистика) туралы зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бізге қажеттесі психолінгвистикалық бағыт. Себебі тілді меңгеру психикалық ойлау, қабылдау, қиял, зейін т.б. процестер арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан тіл психикалық зерттеудің объектісі болып табылады. Психология ғылымында тілді-тіл және сөйлеу деп бөледі. Тілді тіл және сөйлеудің алғаш рет жіктеген Ф. де Соссюр, Е. И. Негневицкал мен А. М. Шахнорвич те Ф. де Соссюрдің қозғарасын ары қарай дамытып былай «Когда мы употребляем слова «язык» мы имеем виду вещи- язык и «речь», деп, тілдің сөйлеумен байланыстылығы атап көрсетеді». [5., 89] Тіл – қарым-қатынас құралы болғандықтан, қатысым әрекетінде ғана өзінің бүкіл қызметін айқындап, көрсете алады.” Лишь рассматривая язык в процессе речевой деятельности, мы способны вскрыть реальный механизм общественного функционирования языка “ дейді, А. А. Леонтьев. Бұл пікірге Б. В. Беляев те қосылады: «Если язык есть явление лингвистическое, то владение, языком есть явление психологическое» Олай болса, психикалық тұрғысынан тілге адамдардың өз ойын, пікірін басқа адамға жеткізуі жатады. Себебі, бала өзінің ойлаған ойын, мұң-мұқтажын, қуанышын, ренішін, пікірін тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланған кезде ғана сыртқа шығарады. Бала сөйлеу процесінде өзінің сөз байлығын пайдаланады. Сондықтан сөздік қордағы әрбір сөз баланың ойлау қабілетіне, жеке тұлға болып қалыптасуына әсер етуші рөлінде қолданылады [5, 119]. Қазақ тілі ерекше жүйе ретінде өзінің құрамындағы бірліктерінің энергиялық қуатын сөйлеу барысында, сөйлеу әрекетінде таныта алады.

Сөйлеу барысы көптүрлі және көпбейнелі түрге ене алатын күшке ие болып келеді. Адам баласының сөйлеуі барысында физикалық та, психикалық та, физиологиялық та процестер қатар жүріп жататынын байқауға болады. Сол сәтте сөйлеу – әрі индивидуалды, әрі әлеуметтік құбылыс ретінде өтіп жатады. Стильдік ерекшеліктерді мәтінге жинап-теріп, бір арнаға ұйымдастыратын психикалық процестердің негізгісі ретінде сөйлеу процесі барлық тіл бірліктерінің жаңа бағдар ала ұйымдасуының жаңа сапасын танытады. Сол болмыспен сыртқа шығарылған сөйлеу туындысы енді сыртқы ортаны өзгертуге мүмкіндік алатын белгілі бір күшке ие екенін көрсетеді. Адамның санасында ойлау мен қиялдау процесі сөйлеу әрекетімен тығыз байланыста болып, адам ойлауының ерекше түрін, яғни тілдік ойлауын (сөйлеу – ойлау – речевое мышление) қалыптастырады. Тіл құралдарының эмоционалды-экспрессивтік қызметі лексиканың, грамматиканың аясында зерттелгенмен, экспрессивтік стилистиканың арнайы құралдары ретінде

бірізге түсірілген жоқ. Психология мен психолінгвистика адамның іс-әрекетіндегі эмоцияның қызметін зерттеуге бағытталған. Сол себепті адамда болып жататын психикалық процестерді талдауда эмоцияның психикалық және іс-әрекеттік қырын бірлікте алып түсіндіру басты ұстаным болып есептеледі. Психологияның өзінде де адамның эмоциялық сезімдерінің қат-қабат сырларын зерттеу әлі жеткіліксіз. Бұл эмоцияны тілдік тұрғыдан зерттеуге де қиындық тудырып отыр. Сондай-ақ, психологиядағы эмоцияның түрлерінің топтастырылуы және оның жалпы сипаты дәл анықталды деп те айту қиын. Адамға тән негізгі эмоция түрлері әлі психологияда да, физиологияда да дәл анықталмаған. Психологтардың ойынша, эмоцияға универсалдық сипат тән: «Некоторые отдельные эмоции являются универсальными, общекультурными феноменами. И кодирование, и декодирование ряда эмоциональных выражений одинаковы для людей всего мира, безотносительно к их культуре, языку или образовательному уровню» [6, 56 б]. Яғни, эмоцияның универсалды қасиеті В.А. Артемьева т.б. ғалымдардың зерттеулерінде де эксперименталды тұрғыдан дәлелденеді. Дегенмен, ғалымдар арасында тілдегі сезім мен адамның табиғи сезімдерінің әрдайым сәйкес келетіндігіне күмән келтіретіндері де бар. В.И. Шаховский оған үзілді-кесілді қарсы пікір айтады: «шынайы сезімдер мен оның тілдік моделі ешқашан сәйкес келмейді» [7, 90 б] деп берген. Ал, А.Н. Леонтьев болса, тіл бірліктері заттық өмірдің барлық қатынастары мен қасиеттерін идеалды формада бейнелейді» [8, 12 б] деген пікір айтады. Адамның өзіндік табиғатына тән универсалды эмоциялық сезімдерді негізге ала отырып, тілдің стилистикалық жүйесіндегі универсалды экспрессивті мағыналарды анықтауға және олардың тілдегі көрінісін анықтауға болады деген болжам жасауға болады. Бұған тілдегі адам сезімдерінің бейнелену семантикасы негіз болады. Лингвистикалық зерттеу еңбектерінде мұндай эмоциялық универсалдар түрліше аталып жүр: доминант эмоциялар, негізгі эмоциялар, эмоционалды тон, жетекші эмоциялар, базалық эмоциялар т.б. Сонымен қатар, психологтар адам баласына тән сезімдер мен толғаныстардың табиғаты бірдей болғанмен, әр тілдің эмоциялық сөздік қоры әр түрлі екенін айтады. В.Н. Гридиннің пайымдауынша, барлық халықта эмоциялар универсалды, ортақ болғанымен, олардың әр тілдегі типологиялық құрылымы бір-біріне ұқсамайды екен, себебі, әр тілдің эмоционалды табиғатына ұлттық ерекшелік тән болып келеді.

Қазіргі жаңа замандағы психология мен психолінгвистика тіл адамның ақыл-ойын құрайтын органика ретінде қарастырылады. Тілдік икемдік бұл қарым қатынастағы және танымдағы жүйелік ережелерді меңгереді. Алғашқыда бала бұл ережелерді түсінбейді, бірақ сол ережелерді балалар біліетіндей өздерін ұстайды. Тілдік қабілеттілік өз ішіне білгірлік пен дағдыларын және іс әрекет схемасы мен сәйкес келуі

керек, себебі, тілдің туындауы белгілі бір когнитивтік базада негізін қалады. Балаларда тіл шыққаннан кейін ойлауға үлкен әсерін тигізеді, ол баланың тілдік жүйесінің қалыптасуына да әсерін тигізеді. Балалардың тілді меңгеруі ересектермен тығыз байланыстылығының арқасында тексереді. Ауызша сөйлеу тілін меңгеру процесі баланың миына әсерін тигізе отырып сөздердің дыбыстық және кинезиялық бейнесімен сөз тіркестері, әртүрлі қабылдаулар арқылы тікелей қарым- қатынасты орнатады. Сөйлеу тілі ол адамның санасының іс-әрекетінің ұйымдастырылған арнайы қиын формасын ұсынады. Қарым- қатынастың негізгі тәсілі бола отырып, ол екі субъектінің қатысуын ұсынады біреуі шығарады, екіншісі қабылдайды. Баланың сөйлеу тілінің ең тиімдісі ауызша сөйлеу ітілі болып табылады. Бәрімізге белгілі болғандай дұрыс жетілген балаға ауызша сөйлеу тілін меңгеру оңай, өйткені ол арнайы оқытусыз өзі тікелей қарым- қатынасқа түсе алады. Дұрыс жетілген баланың сөйлеу тілін қою үшін көптеген совет және шет елдік ғалымдар айналысқан. (Л.С. Выготский, А.Н.Гвоздев, Н.А.Швачкин, Д.Б. Эльконин, А.Н. Соколов, Ж.Пиаже) [9, 118 б.] Ал интеллектісі бұзылған балалардың ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру баяу және сөйлеу тілін өзінше фонетикалық қатары меңгеру арқылы жүзеге асады, сөздік құрамын меңгеру мен сөйлемді құру кезіндегі диалогтық және монологтық сөйлеу тілі арқылы қалыптасты. Демек, тіл мен ойлаудың байланысында сөздің алатын орны ерекше. Тіл – ойды өрбіту мен дамытудың басты құралы. Қазақта «Сөзі түзудің өзі (ойы) түзу» деген жақсы нақыл бар. Тілдің даму тарихы тұрғысынан келсек, тіл адам санасындағы ойды жарыққа шығарып, жазу ауызша айтылған ойды оптикалық құралдар арқылы визуалды дүниеге айналдырады. Сонда жазу тек қосалқы қызмет атқаратын құрал болып табылады. Алдымен аса маңызды қатынас құралы болған — тіл ауызша түрде өмір сүрді. Талай жүз жылдықтар бойы басқа қатынастың түрін іздемеді. Сөйтіп, ойды жарыққа шығарудың және айналасына қатынас жасаудың жалғыз түрі ауызша сөйлеу ғана болды. Жазу енді тілдің осы екі қызметінің көшірме түрі ретінде, қосалқы қызмет атқаруға келгендей.

#### Қорытынды

Қазір жана технологиялар тасқыны, ғылыми-техникалық прогресс, ақпарат таратудағы жаңа көздер, қашықтық пен уақыт барьерін жеңетін жаңа техника түрлерін ойлап табудың жоғары деңгейінде келеді. Осымен байланысты ауызша коммуникацияның жетілген технологиялы бүгінгі кезеңінде жазудың адамзат өркениеті үшін атқарар қызметін парықтаудың қажеттілігі бар. Сондықтан да А.Байтұрсынұлы: «Біздің заман — жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деп баға берген [10, 39 б.] Ал жазу — адам ойының материалданып, жарыққа шығуының, дәлірек айтқанда творчестволық әрекетінің құралы». Көңілдегі көрікті ойдың сыртқа

шыққанда өңі қашатын» болса, жазудың арқасында қағазға түскен шашыраңқы ойды жүйелеуге болады. Жазудағы стандарттық құрылымдар, сөйлем мүшелерінің нормативті орын тәртібі акыр соңында сыртқа шыққан адам ойын өзгеше сипат алдырады. Оның үстіне жазылған мәтінді қайталап оқып, толықтыруға, қысқартуға, нақтылауға, қайта құруға мүмкіндік бар. Мәтінді араға уақыт салып қайта карап, жетілдіруге болады. Ой үстіне ой жалғауға болады. Сөйтіп. жазу түптің түбінде адамның өз сөзінің бөгделенуі болып шығады. Жазудың арқасында сөз екінші өмірге, дербес өмірге ие болады. Демек, жазу қарым-қатынас құралы емес, тілдік жағдаят болмаса да адам өз ойын монологті түрде жарыққа шығаратын сананың материалдану құралы болады. Оқу процесі тыңдауға қарағанда аз уақыт алады, қармап оқу, таңдап оқу, қайталап оқу мүмкіндіктерін береді. Жазу, сөйтіп, мәтін мазмұнын тез түсінуге, бірден қабылдауға, оңай меңгеруге ауызша тілге қарағанда қолайлы. Бүгінде сөздің графикалық бейнелері фонетикалық бейне сияқты адам санасында дайын тұратын болды. Сондықтан да жазу уақыт пен кеңістік шектеулігіне тәуелсіз, адамдар арасындағы қатынас құралы ретінде пайда болды деп түсіндірілгенмен, негізінен оның маңызы мемлекеттік құрылыс пен сауданың, мемлекетаралық саясаттың дамуына тіреледі , сонымен бірге оның маңызы тілді жетілдіретін, жүйелейтін, нормалайтын, ойжасайтын бекітетін, сактайтын қызметтерімен өлшенеді .

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мұсабаев Ф. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., « Арыс» 2008. —470 б.
2. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. А., 1996. —164с
3. Амантаева А. «Кәсіби қазақ тіліндегі психолінгвистиканың қысқаша тарихы» А.,1998 . — 195 б
4. Құрманова Н.Ж. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың логикалық ойлау мәдениетін қалыптастыру әдістері мен тәсілдері. — Алматы: Абай атындағы АлМУ, 1998. —216 б
5. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы: Санат, 2009. -496 б.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Павлодар, С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. – 255 б. 3.
7. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Павлодар, С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. – 255 б.
8. Қоянбекова С.Б.Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері.Афтореферат. Фил., ғыл., докторы дәреж алуға арналған. А., 2008. —50 б
9. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: калыптасуы мен дамуы. Монография. Алматы, 2007. —312 б.
10. Күдерінова Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы- А., «Елтаным баспасы» 2013.-344 б.